

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

БІЛІМ

ТРОИСК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ



ISSN 1560-1722

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ШЕЖІРЕЛЕР НҮСҚАСЫ

М.Ж.Көпеевтің өмір бойы дерек жинастыру, деректану бағытында жүргізілген қызметі нәтижесінде қазақ тарихы туралы мол материал сақталынып қалды. Әсіресе, қазақ шежіресінің түрлі варианттарын жазып қалдыруы шежіретануға мол үлес қосады. Мәшһүр шежіре сөздерінің көпнұсқалығы ел тарихын кеңірек, жан-жақты тануға қызмет етеді. Тіпті, шежіре вариантының шығу тарихын ешкімнің түсіндіре алмағанын себеп қылып, тек шежіре нұсқаға үлгі болған аталарды атаумен шектелуі де ақпараттық қызмет атқарады. Мәшһүр шежірелерінде адамдардың нақтылы ата-тек тарихы 7 атадан, әрі кетсе 12 атадан аспайды. 12-ден арғы аталарды таратуда жылнамалық мәнге ие болған хандар, билеушілер есімдері келтіріледі. Қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың этникалық құрамы әр түрлі болуына байланысты, 12 атадан арғы шежіре үлгісін таратуда шежірешілер түрлі нұсқаларға кезігеді. Бұл мәселе бойынша Мәшһүр-Жүсіп өз пікірін былай түйіндейді:

Арғыннан әрі барсаң - адасасың,
 Ми жетпес көп дүниеге шатасасың.
 Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,
 Несіне шежіреге галасасың [1].

Мәшһүр қолжазбасындағы шежірелерінің қазақ халқының тарихын әр түрлі аталардан бастап таратуы этнология саласына мол өзгерістер енгізеді. Әрбір шежіреде қазақтың арғы атасы деп таратылатын кісінің атауы шын мәнінде сол замандағы белгілі қайраткердің, билеушінің бұрмаланған есімі болуы ықтимал. Мұндай жағдайда қазақ халқының шығу тегін таратуға негіз болған тұлғалар тарихы шартты генеалогиялық тұрғыдап емес, жылнама таралынан қарастыру қажеттігі туады. Яғни, қазақ шежірелерінде аты аталып, қазақ халқының арғы ата-бабасы ретінде танылған кісі (немесе бірнеше кісілер) есімі белгілі бір дәуірмен байланыстырушы қызметін атқарады.

Мәшһүр шежіре нұсқаларындағы Аныс, Ақкөсе сахабалар ислам діні таралуын (VII-VIII ғ.); Қондыкер оғыз тайпасы дәуірін; Құбан, Қотан қыпшақтардың Еуропаға қоныс аударуын (XII-XIV ғ.); Орманбет, Келімбет-ноғайлы-қазақ заманын (XVI-XVII ғ.); Аққожа, Қарақожа XVI ғ.

II жарғ. Қазақ хандығы мен Бұхар хандығы арасында болған күрес тарихын баяндайды деп танымыз.

Адам ата мен Хауа анадан бастап тарататұғын шежіре үлгілерінде Мәшһүр-Жүсіп көбінесе Әбілғазы варианттарын көбірек пайдаланады. Қазақ халқының үш жүзлік құрылымымен байланыстырып, Мәшһүр еліміздің түпкі тарихын, шығу тегін Уыз хан (басылымдардағы Оғыз хан - Е.Ж.) заманынан бастайды: “Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз - Мүғол, Маңғұлыскейге барып қосыламыз. Үшінші буын атамыз - Уыз хан. Ал мен Күн, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Үш оқты бізге кимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып, жүрміз?!” [2]. Бұл пікірдің тарихи шындыққа жақындығын айғақтайтын тарихи зерттеулер, мәліметтер бар. Х ғ. Мақдүсидің “Алтып тоғай” дерегі бойынша, оғыздар үш ордаға: Ұлы орда, Орта орда, Кіші ордаға бөлінген [3]. Тамғалы тасты зерттеген ғалым Шренк оғыз ұлысы екі тайпадан: “Бозоқ” (Мәшһүр шежіресінде “Бұзық”, “Бұзқоқ” деп оқылады. - Е.Ж.) пен “Үшоқ” (Уыз балалары Тау, Теніз, Көк-Е.Ж.) тайпаларынан құралатындығын айтады [4]. Қазақ шежіресінде сахабалар дәуірін таңытатын Аныс (Әнес, Ал Хазірет) сахаба есімі жиі кездеседі. Шәкәрім Құдайбердіұлы сахабаны ислам дінін таратушы арабтар ретінде ғана түсініп, қазақты арабтан шығаруға болмайды деп есептеп, бұл вариантты тарағушы қожалардың шежіре тізбегін сыныға алады [5]. Ал шежіренің осы арабтық үлгісінің пайда болу тарихымен танысқан. Мәшһүр-Жүсіп “Қазақ түбі” еңбегінде Аныс, Ақкөсе, Имамбайлардың 92 баулы Қыпшақтан шыққан ерлер екепін, Мұхаммед пайғамбарды жақтап, көпірлерге қарсы соғысқанын, ақырында Қаратауда жерленгендіктен моласын зиярат қылушы қазақтар осы тарихи уақытты есте сақтау үшін Аныс, Ақкөсе ұрпағымыз деп атап кеткендігін өңімелесілі.

Мәшһүр шежіресінің бір нұсқасы оғыз-қыпшақ заманына арналған. “Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған” еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп қазақтың арғы ата-бабалары ретінде Қондыкер, Құбаң, Қоғам есімдерін айтады [6]. Мәшһүр-Жүсіп енді бір “Атасының аты билибей өз аты шыққан ерлер” еңбегінде (негізінде шежіре сөзі жеке тарихи мәтін болуы керек-Е.Ж.). Ел ханның жұрты Қондыкерді Осман түріктерінің арғы тегі деп көрсетеді [7]. Ғалымның қолжазба мұрасымен жастай таныс Әлкей Марғұлан өз зерттеуінде Қондыкер, Құбаң жүргын оғыздармен, Еуропаға қоныс аударған Құман тайпасымен (қыпшақ одағындағы бір тайпа) шендестірген [8]. Қотан есімі әрі этноним (ел ретінде), әрі белгілі тұлға есімі (Венгрияға қыпшақтарды бастаған Қотан хан XIV ғ.) ретінде ғылыми ортаға мәлім [9-10].

XIII-XIV және XV-XVII ғ.ғ. тарихи оқиғалар барысы Мәшһүр қолжазбасында Шыңғыс хан мен оның әулетінің шежіре кестелері (хандар шежіресі) арқылы беріледі. Баса назар аударарлық жағдай, Мәшһүр-Жүсіп XV-XVII ғ. қазақ хандары тарихын шежіре сипатында баяндағанымен таза генеалогиялық тізбекке емес, хронологиялық-жылнамалық жүйеге сүйеніп отырады. З.Жандарбек мақаласында қазақ шежіресінде Аққожа, Қарақожа, Байшора, Жаншора, Ақсопы, Қарасопы есімдері кездесетінін көрсетіп, қожа-сопылардан бастап тарату себебін XV ғ.а. мен XV ғ.б. Сырдария қалалары үшін болған күреспен байланыстырады [11]. Қазақ тарихында Қазақ хандығы мен Шайбанилардың XV ғ.а. мен XV ғ.б. Сырдария қалалары үшін соғыс жүргізгені белгілі. Екі жақ та өзара келіссөздерінде кепілдік белгісі ретінде Накшбанилар қожалары, Жойбары шайхылары,

софьлар, шірлер қызметтеріне көбірек жүтінді [12]. Діни астары бар бұл оқиға мотиві қазақтың ру-тайпаларының арғы тегін “Қожалардан” бастап таратуға негіз болған. Мәшһүрдің “Қазақ шежіресінде” де Жанарыстың (Орта жүз) алты баласының есімдері де (Аққожа-найман, Қарақожа-арғын, Ақтамберді қожа-қышпак...) XV ғ.а. мен XV ғ.б. саяси тартыс тарихын баяндайды [13]. З.Жандарбек зерттеуінде Жойбары шайхыларының қазақ жүздерінің шірлері болғаны атап көрсетіліп, XVI ғ.б. қазақ қоғамында дін өкілдерінің ықпалы зор болғаны көрсетіледі.

Қазақ хандығының XVI ғ. Ноғай ордасымен қарым-қатынасқа түскені белгілі. Шежірелерде бұл оқиғалар мазмұны Ноғайлы заман нұсқалары арқылы беріледі. Мәшһүр шежіресінде қазақтың түпкі тарихын Орманбет, Келімбабет дейтін кісі есімдерімен байланыстыратын нұсқалар барлығын, бірақ сол үлгілердің түпкі тарихын ешкім ашып көрсете алмағанын айтады. “Біреу Болатқожа дейді, біреу Ақжол дейді. Екеуі бір кісіге аталған ат деседі. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс үш жүздің аталарының аты деседі. Біреулер Ақсақ Келімбабет, Қара Келімбабет, Сары Келімбабет, Науан, Шодан деген атаулары бар десіп жүрді. Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болды” [14]. В.З.Гатиев кітабында бұл Келімбабеттердің Ноғай ұлысын басқарған Орманбеттің інісі Тінмамбеттің балалары екендігі (Ноғай ордасында Келімбабет ұлысы болғаны да белгілі-Е.Ж.) айтылып, шежірелік “Келімбабет” варианты XVI-XVII ғғ. қазақ-ноғай байланыстарынан туған деп түсіндіреді [15].

Ноғайлы үлгісінің тарихи негізін айғақтайтын жанама пікірлер Мәшһүр мұрасында да аз емес. Ғалым “Атасының аты бйінбей өз аты шыққан ерлер” еңбегінің соңында қазақ пен ноғайдың шығу тегі бір деген ойды қуаттайды [16]. Шежіредегі Келімбабеттердің тарихын ашып айта алмаса да, 1907 ж. Қазаннан басылған “Сарыарқаның кімдікі екендігі” кітабында Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаны қоныстанған ноғайлы тарихынан бірқатар мәліметтер ұсынады: “Қырда ерте кезде салынған тас үйлер туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпесовтің жазғандары тарихи жағынан өте бағалы. Ол кісінің айтуынша, ноғайлы-қазақ халқының әскер басы жігіттері айдалада жүргенде, тас қорған үй жасайтын болған. Шідерті өзенінің аяғында тұратын, “Ақжар-сасай” - сол ноғайлы қыпшақтардың хандарының орда қышып, тақ орнатқан жері. Есіл, Нұраның арасындағы үлкен айдын “Тоғанастың тоқсан екі көлі” - ноғайлы-қазақтардың жойқын егін салған жерлері. “Қызыл-мола”, “Сұлу там”, “Сырлы там”, “Хан сүйегі” солардың жөдігерлері дейді (Мәшһүр-Жүсіп. Сары-Арқа. 1907, 2-4 б.)” [17]. Белгілі шығыстанушы ғалым М.Қ.Әбусейтова дерегі де келтірілген Ә.Х.Марғұлан тұжырымын қуаттап, ноғайлардың XVI ғ. Сарыарқаны қоныс қылғанын айғақтайды [18].

Бергі XVI ғ.а. болған оқиғалар тізбегі де қазақ шежіресіне өзгеріс енгізген. Мәселен, Мәшһүр Абылай ханның қырғыздарға қарсы соңғы жорығы (1770 ж.) әңгімесін баяндай отырып, сөз соңында арғын тайпасы құрамындағы “жана қырғыз” табының пайда болу себебін анықтайды: “Жана қырғыз деп сөйленеді, қырғыз ханының Абылай ханға берген бір тайпа елі” [19].

“Қазақ түбі” атты тарихи туындыларында келтірілген шежіре сөздері арқылы Мәшһүр-Жүсіп қазақ халқының этникалық шығу тегін әр түрлі атаулардан бастап таратады. Қазақ елі этникалық жағынан құрама халық екенін ескерсек, шежірелердегі 12 атадан арғы буын өкілдері генеалогиялық мәнін жойып, таза хронологиялық-жылнамалық сипатқа ие болғанын

танымыз. Мұндай көзқарас шежіретанудың тек өзіне төн шарттылықтары барлығын көрсетіп, бұл саланы жаңашыл зерттеу арқылы қарастыру қажеттігін түсіндіреді. Математика ғылымында да бір формула бір есепті шешуді жеңілдетіп, екінші есептің шешілуін қиындатағыны мәлім. Тарих ғылымындағы шежіретану саласы да өзіндік зерттеу өдістемесін қажет етеді. Бұл орайда М.Ж.Көпеевтің өмір бойы жинаған көпнұсқалы шежіре варианттары тарихымызды жаңа-жаңа қарастыруға негіз болады деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Копейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. Алматы: Жалын, 1993; *Тлеке Ж.* Шежіре: Ергіс-Баянаула өңірі, Павлодар. Дауа, 1998, 62 б.
2. Орталық Ғылыми кітапхана (ОФК), М.Ж.Копеев қолж., №1177 папка, 235 (278) б.
3. *Әбілгереев Х.* Қазақ халқының қуралуы тарихынан. // Соц. Қазақстан 18.05.1941. №115, 3 б.
4. *Марғұлан Ә.Х.* Тамғалы тас жазуы. // Қазақ тарихынан / Құраст. Е.Аққошқаров. Алматы: Жалын, 1957, 206 б.
5. *Құдайбердіев Ш.* Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1994, 70 б.
6. *Копеев М.Ж.* Таңдамалы. / Құраст. С.Дәуітов. Алматы: Ғылым, 1992. Т.2. 60 б.
7. *Копеев М.Ж.* Атасының аты білінбей оз аты шыққан. / Дайын. Н.Жүсіпов. // Ак Орда, 1993, №2. 79-80 б.
8. *Марғұлан Ә.Х.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Ғылым, 1985, 353 б.
9. Қазақ ССР тарихы. Алматы: Ғылым, Т.2. 58 б.
10. *Торма И.* Мажарстандағы Қотан батыр. // Қазақ әдебиеті 31.01. 1995. №25. 12 б.; *Голден Н.Р.* Құман-қыпшақтардың тайпалары мен рулары. // Ана тілі. 25.06.1998. №25. 12 б.
11. *Жандарбек З.* Қазақ жүздерінің пайда болуы жөніндегі жаңа деректер. // Государство и право в странах постсоветского Востока. // Материалы международной конференции. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. С.57-58.
12. *Абусейтова М.Х.* К истории Казахской государственности XVI-XVII вв. // Государство и право в странах постсоветского Востока. С.24; Ее же. Казахстан и Центральная Азия в XVII вв; история, политика, дипломатия. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. С.123.
13. *Копейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. 14-15 б.
14. *Копеев М.Ж.* Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1992, Т.2. 63 б.
15. *Галиев В.З.* Хан Джангир и Орбулакская битва. Алматы: Ғылым, 1998. 128 с.
16. *Копеев М.Ж.* Атасының аты білінбей оз аты шыққан ерлер. // Ак Орда, 1993. №2
17. *Марғұлан Ә.Х.* Ежелгі жыр, аңыздар. 245 б; *Копеев М.Ж.* Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1990, Т.1. 255-256 б.
18. *Абусейтова М.Х.* Казахстан и Центральная Азия в XVI вв. история, политика, дипломатия. С.105
19. ОФК, М.Ж.Копеев қол жазбалары. №1178 папка, 171(304) б.